

«Бекітемін»

«Балаларды ерте дамыту
институты» РММ
директоры

М.Е. Адамова

2022 ж.



«Мектепке дейінгі үздік ұйым - 2022» республикалық байқауын өткізу туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже «Мектепке дейінгі үздік ұйым – 2022» Республикалық байқауының (бұдан әрі – Байқау) мақсаты мен міндеттерін айқындайды, ұйымдастыру тәртібі мен өткізу шарттарын белгілейді.

1.2. Байқау ҚР БҒМ «Балаларды ерте дамыту институты» РММ-нің (бұдан әрі – Институт) 2022 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі.

1.3. **Мақсаты:** мектепке дейінгі білім берудің үздік үлгілерін анықтау және жариялау, мектепке дейінгі ұйымдардың шығармашылықпен жұмыс істейтін ұжымдарын қолдау және ынталандыру.

1.4. Міндеттері:

- мектепке дейінгі ұйым ұсынатын білім беру қызметтерінің сапасын арттыру;

- мектепке дейінгі ұйымының қызметін басқару және ұйымдастыру, сапасын арттыру;

- веб-сайттың жұмысын белсендіру;

- мектепке дейінгі білім беру жүйесі педагог қызметкерлерінің шығармашылық бастамаларын дамыту, педагогтерді инновациялық қызметке ынталандыру;

- мектепке дейінгі ұйымдардың шығармашылық ұжымдарын анықтау, қолдау және ынталандыру, инновациялық тәжірибені тарату.

2. Байқауды ұйымдастыру тәртібі және өткізу шарттары

2.1. Байқаудың ұйымдастырушылары – «Балаларды ерте дамыту институты» РММ, аудандық бөлімдер, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана білім басқармалары.

2.2. Байқауға меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан барлық мектепке дейінгі ұйымдар қатысады.

2.3. Байқау үш кезеңде өткізіледі:

- аудандық (қалалық);

- облыстық;

- республикалық.

2.4. Байқауды ұйымдастыру және өткізу үшін барлық кезеңдерде байқау комиссиясы құрылады, оның құрамы аудандық бөлімдердің, облыстар, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім басқармаларының бұйрығымен бекітіледі.

2.5. Байқау комиссиясының құрамына мектепке дейінгі білім беруге жетекшілік ететін білім басқармаларының (бөлімдерінің), әдістемелік қызметтердің мамандары, тәжірибелі педагогтер, педагогикалық шеберлік кәсіби байқауларының жеңімпаздары, біліктілікті арттыру институттарының қызметкерлері, сондай-ақ ата-аналар қауымдастығының, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері кіреді.

2.6. Байқау комиссиясының мүшелері қатысушылардың ұсынылған материалдарын зерделейді, жеңімпаздарды анықтайды. Байқау қорытындысы бойынша бір жеңімпаз анықталады, ол келесі кезеңдерге қатысу үшін жіберіледі.

2.7. Республикалық кезеңге облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың облыстық кезеңінің жеңімпазы жіберіледі.

2.8. Республикалық кезеңнің байқау комиссиясының қарауына облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың білім басқармалары мынадай материалдарды жолдайды:

1) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың білім басқармаларының **ілеспе хаты**;

2) қатысушының **ақпараттық картасы** (осы Ереженің 1-қосымшасы);

3) екінші кезеңнің қорытындысы бойынша облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың білім басқармаларының **байқау комиссиясының хаттамасы** (сканерленген көшірмесі);

4) мектепке дейінгі ұйымда соңғы 2 жылда білім беру саласындағы заңнаманы бұзушылықтардың жоқтығы туралы **анықтама** (басшы куәландырған);

Байқау келесі негізгі блоктардан тұрады:

- мектепке дейінгі ұйым сайтының қызметін зерделеу (осы Ереженің 2-қосымшасы);

- «Мектепке дейінгі ұйым қызметінің сапасын бағалау» ата-аналар сауалнамасы (сауалнамаға сілтеме республикалық кезеңге қатысушы жеңімпаз анықталғаннан кейін беріледі) (осы Ереженің 3-қосымшасы).

Байқау нәтижелері осы Ереженің 2-қосымшасында орналастырылған талаптарға сәйкес балдық жүйе және ата-аналар қауымдастығына арналған сауалнама нәтижелері бойынша бағаланады.

3. Байқауға қатысушыға қойылатын талаптар

3.1. Материалды ұсына отырып, қатысушы:

- жеке деректерін пайдалануға және материалдарды сайтта, баспа басылымдарында, Интернет-БАҚ-та және басқа бұқаралық ақпарат көздерінде орналастыруға;

- материалдарды тегін пайдалануға, көпшілік алдында таратуға, интернет желісіне орналастыруға, шығармашылық жобаларға қосуға, БАҚ-та жариялауға, өңдеуге келісімін береді.

4. Материалдарды рәсімдеуге қойылатын талаптар

4.1. Республикалық кезеңге материалдар «Үздік мектепке дейінгі ұйым» байқауының атауымен i-rrd2021@mail.ru электрондық поштасына **2022 жылдың «16» қарашасынан** кешіктірмей жіберілуі тиіс.

4.2. Көрсетілген мерзімнен кеш түскен материалдар қаралмайды.

5. Қорытынды шығару, жеңімпаздарды марапаттау

5.1. «Үздік мектепке дейінгі ұйым» республикалық байқауының қорытындысы бойынша келесі жүлделі орындар белгіленеді:

- Гран-при;
- I орын;
- II орын;
- III орын.

5.2. Байқаудың республикалық кезеңінің жеңімпаздары I дәрежелі дипломдармен, Байқау жеңімпаздары II және III дәрежелі дипломдармен және Институттың алғыс хаттарымен марапатталады.

5.3. Байқау нәтижелері мен жеңімпаздардың материалдары Институттың www.irrd.kz сайтында және әлеуметтік желілерінде жарияланатын болады.

Анықтама үшін телефон: 8 (7172) 28-09-50

1-қосымша

_____ облысы бойынша «Үздік мектепке дейінгі ұйым» республикалық байқауына қатысу үшін ақпараттық карта

1. Мектепке дейінгі ұйымның Жарғыға сәйкес атауы	
2. Мектепке дейінгі ұйымның интернеттегі ресми сайтының белсенді мекенжайы	
3. Ұйым басшысының аты-жөні (толық), лауазым	
4. Байқау материалдарын дайындауға жауапты тұлғаның аты-жөні	
5. Байланыс телефоны (қаланың кодымен), ұялы телефоны	

Мектепке дейінгі ұйым сайтының белсенділігін зерделеу (10 балл)

Байқауға қатысушылар материалдарды қарау үшін ақпараттық картада (осы Ереженің 1-қосымшасы) сайттың белсенді мекенжайын ұсынуы тиіс. Мектепке дейінгі ұйым ресми сайтында «Үздік мектепке дейінгі ұйым – 2022» атауымен қосымша парақша (бет, бөлім) құрылады, ол келесі айдарлардан тұрады:

1. Үздік эргономикалық шешімдер
2. «Ойын арқылы оқыту» - біздің тәжірибе
3. «Орта – үшінші педагог»
4. Біздің балабақшаның инновациялық іс-әрекеті
5. Ата-аналармен жұмыс жасаудағы ең жақсы тиімді тәжірибе
6. Мерекелер және ойын-сауық
7. Кері байланыс – өзгерістер тынысы (*МДҰ даму жоспары*)

Мектепке дейінгі ұйым өз сайтындағы «Үздік мектепке дейінгі ұйым – 2022» қосымша бетіне материалдарды орналастыру форматы мен нысанын өз бетінше таңдайды. Сайттың жұмыс істеуі және материалдардың мазмұны сілтемелер арқылы тексеріледі.

Қатысушы тарапынан техникалық ақаулар болған жағдайда (сілтеменің ашылмауы) материалдар қаралмайды.

Ата-аналарға арналған сауалнама «МДҰ қызметінің сапасын бағалау»

Бағалау көрсеткіштері	«5»	«4»	«3»	«1»
МДҰ жабдықтауы				
Баланың қызығушылықтарын қанағаттандыруға мүмкіндік беретін дамытушы ойыншықтармен, ойын жабдықтарымен жабдықтауы				
Балалардың белсенді ойынына ыңғайлы заманауи және әртүрлі жабдықтармен жеткілікті жабдықталған ойын алаңы				
Баланың физикалық дамуы мен денсаулығын нығайту үшін жағдайлар жасалған				
Техникалық құралдармен жабдықталған (телевизор, мультимедиялық құрылғылар, музыкалық орталықтар, компьютерлер, басқа техника)				

Әр балаға жайлы және қауіпсіз жағдай жасалған				
Ата-аналармен өзара байланыс				
Мектепке дейінгі ұйымдағы баланың өмірі туралы толық ақпарат қолжетімді				
Тәрбиешілер балаларды тәрбиелеу мәселелері бойынша консультациялық көмек көрсетеді				
Балабақша тәрбиешілері мен қызметкерлері әрқашан сыпайы және мейірімді				
Балалардың даму деңгейі				
Баланың қабілеттерін ашуға, оның танымдық қызығушылықтары мен орынды қажеттіліктерін қанағаттандыруға барлық жағдай жасалған				
Жұмыс режимі баланың толық дамуы үшін оңтайлы және ата-аналар үшін ыңғайлы				
Бала жасына сәйкес қажетті білім мен дағдыларды меңгерді				
Баланың дамуында айтарлықтай ілгерілеуді байқаймын				
Бала балабақшаға қуана барады, өзін жайлы сезінеді				